

Арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларының Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікке әсерінің салдарына бағалау жүргізу тәртібін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 10 мамырдағы № 68 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 42-тармағы 2) тармақшасының негізінде Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 221-тармағын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған Арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларының Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікке әсерінің салдарына бағалау жүргізу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2018 жылғы 10 мамырдағы
№ 68 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларының Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікке әсерінің салдарына бағалау жүргізу ТӘРТІБІ

Осы Тәртіп Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) (бұдан әрі – Қорғау шаралары туралы хаттама) 221-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді және Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті тауар нарығындағы бәсекелестікке арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақы шараларының (бұдан әрі – қорғау шарасы) мерзімдерін, өзара іс-қимыл жасау реттілігін (әкімшілік рәсімдер) және олардың әсерінің салдарын (бұдан әрі – салдарды бағалау, Одақ) бағалау туралы қорытындының мазмұнына қойылатын талаптарды айқындайды, сондай-ақ салдарға бағалау жүргізу

үшін Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау саласында уәкілеттік берілген құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі – тергеп-тексеру жүргізетін орган) Комиссияның қорғау шараларын енгізуге алғышарт болатын тергеп-тексеру жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімшесі ретінде тергеп-тексеру жүргізетін органмен (бұдан әрі – уәкілетті бөлімше), сондай-ақ Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) құзыретіне бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатты іске асыру және (немесе) жүргізу кіретін мемлекеттік билік органдарымен (бұдан әрі – монополияға қарсы органдар) өзара іс-қимылын регламенттейді.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар Қорғау шаралары туралы хаттамада және Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 19 қосымша) айқындалған мәндерде қолданылады.

3. Егер тергеп-тексеру жүргізетін органның қолда бар деректері арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексерудің басында Қорғау шаралары туралы хаттаманың 221-тармағында көзделген салдарға бағалау жүргізу үшін жағдайлардың бар екенін растаса (егер Қорғау шаралары туралы хаттаманың 186-тармағында көрсетілген өтінішті қолдаған өндірушінің үлесі Одақтың тауар нарығында тергеп-тексеру басталған күннің алдындағы күнтізбелік 2 жыл ішінде 35 пайызға тең болса немесе одан асса), тергеп-тексеру жүргізетін орган тергеп-тексеру басталған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде уәкілетті бөлімшеге салдарға бағалау жүргізу туралы сұрау салу және қорғау шарасын қолдану туралы өтініштің құпия емес нұсқасын жібереді.

Егер тергеп-тексеру жүргізетін органның қолда бар деректері тергеп-тексерудің басында аталған жағдайлардың жоқ екенін растаса, бірақ мұндай жағдайлардың болуы тергеп-тексеру барысында алынған ақпаратты талдау нәтижелері бойынша белгіленсе, тергеп-тексеру жүргізетін орган тергеп-тексеру басталған күннен бастап 4 ай ішінде уәкілетті бөлімшеге салдарға бағалау жүргізу туралы сұрау салу және қорғау шарасын қолдану туралы өтініштің құпия емес нұсқасын жібереді.

4. Егер салдарға бағалау жүргізу туралы сұрау салу жіберілгеннен кейін тергеп-тексеру жүргізетін орган тергеп-тексеру барысында алынған ақпаратты талдау нәтижелері бойынша осы Тәртіптің 3-тармағының бірінші абзацында көрсетілген жағдайлардың жоқ екенін анықтаса, салдарға бағалау жүргізу талап етілмейді, бұл жөнінде уәкілетті бөлімше хабардар етіледі.

5. Уәкілетті бөлімше салдарға бағалау жүргізу туралы сұрау салу келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде монополияға қарсы органдарға ақпарат беру туралы сұрау салу жібереді, ал осы Тәртіптің 4-тармағында көзделген ақпарат келіп түскен жағдайда, осы тармаққа сәйкес сұратылған ақпаратты беру қажеттілігінің жоқ екені туралы хабарлайды.

6. Монополияға қарсы органдар уәкілетті бөлімшеден ақпарат беру туралы сұрау салу келіп түскен күннен бастап 3 ай ішінде қорғау шарасының әсеріне ұшыруы мүмкін мүше мемлекеттің тиісті тауар нарығы туралы қажетті ақпаратты береді. Қажет болған жағдайда монополияға қарсы орган көрсетілген мерзімді ұзарта алады, бірақ ол 1 айдан аспайды, бұл туралы уәкілетті бөлімшені жазбаша нысанда (ақпарат берілетін мерзімді көрсетіп) хабардар етеді.

Монополияға қарсы органдардың мүше мемлекеттің тиісті тауар нарығы туралы ақпаратты беруінің жалпы мерзімі уәкілетті бөлімшеден ақпарат беру туралы сұрау салу келіп түскеннен бастап 4 айдан аспайды.

Уәкілетті бөлімше салдарды бағалау туралы қорытынды дайындау кезінде осы тармақта көрсетілген ақпаратты назарға алады.

7. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімімен бекітілген Бәсекелестің жай-күйін бағалау әдістемесінің 5-тармағында көзделген негізгі ақпарат көздері негізінде уәкілетті бөлімше салдарды бағалау туралы қорытынды дайындайды, ол:

а) тергеп-тексеру басталған күннің алдындағы 2 жылды құрайтын кезең үшін бәсекелестің ағымдағы жай-күйін бағалауды, оның ішінде;

Одақтың тиісті тауар нарығының шоғырлану деңгейін талдауды;

импорттың, оның ішінде демпингтік немесе субсидияланатын импорттың (тиісінше демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда) өсуін және оның Одақтың тиісті тауар нарығында тауар өндіру көлемімен арақатынасындағы үлесін талдауды;

Одақтың тиісті тауар нарығында қалыптасқан баға серпінін, оның ішінде Одақтың тиісті тауар нарығында монополиялық төмен бағалардың болу немесе экономикалық, технологиялық және өзге де түрде негізсіз түрлі бағаларды белгілеудің болу мүмкіндігі және олардың бағалау алдындағы кезеңде бәсекелестіктің жай-күйіне бұрмалаушы әсер ету мүмкіндігі тұрғысынан талдауды;

бәсекелестікті бұрмалайтын және Одақтың аумағына үшінші елдерден тауар әкелудің болуына негізделген факторларды талдауды;

б) енгізілуі болжанған қорғау шарасының түрі мен мөлшерін ескеріп, Одақтың тиісті тауар нарығына қорғау шарасының болжамды әсерін бағалауды, оның ішінде;

тауарды осы нарыққа, оның ішінде басқа елдерден баламалы беру мүмкіндігін ескеріп, қорғау шарасының енгізілуіне байланысты Одақтың тиісті тауар нарығындағы ұсыныстардың болжамды өзгеруін талдауды;

тиісті тауарға сұраныс пен ұсыныстың болжамды теңгерімі негізінде қорғау шарасының енгізілуі салдарынан Одақтың тиісті тауар нарығында бағалардың күтілетін өзгеруін айқындауды;

қорғау шарасы енгізілген жағдайда Одақтың тиісті тауар нарығында Қорғау шаралары туралы хаттаманың 221-тармағында көрсетілген өндірушілер жағдайының өзгеру мүмкіндігін айқындауды қамтиды.

Салдарды бағалау туралы қорытындыда уәкілетті бөлімшенің тұжырымдары жалпы Одақтың тиісті тауар нарығы бойынша көрсетіледі.

8. Уәкілетті бөлімшенің басшысы қол қойған салдарды бағалау туралы қорытынды осы Тәртіптің 3-тармағына сәйкес салдарға бағалау жүргізу туралы сұрау салу уәкілетті бөлімшеге келіп түскен бастап 6 ай ішінде тергеп-тексеру жүргізетін органға жіберіледі, бірақ ол тиісті тергеп-тексеру басталатын күннен бастап 8 айдан кешіктірілмейді.

Салдарға бағалау жүргізу Комиссияның арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтемақылық тергеп-тексеру нәтижелері туралы мәселені қарауға кедергі келтірмейді.

9. Салдарды бағалау туралы қорытындыдағы тұжырымдар Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентінің 69-тармағына сәйкес құжаттар мен материалдар жиынтығының құрамына кіретін тиісті мәселе бойынша анықтамаға енгізіледі, ал салдарды бағалау туралы қорытынды құжаттар мен материалдардың көрсетілген жиынтығына енгізіледі.